

## ЖАРАЙСЫҢ, НҮРСҰЛТАН!

Журналистқа дан  
қол ұзп қалаған  
мені қайта  
қатарға қосқан  
осы Нұрсұлтан  
Мықтыбаев еді.  
Мықтыбаевты  
көргенде «есім-  
сойы келісп-  
ақ түр екен!»  
деп ойладым.  
Жалындап тұрған  
жігіт екен. Кесіп  
кесек сөйлейді.



Сол жолы «Туған жер» этно-мәдени жобасы аясында «Жайық Пресс» медиахолдингінің басшылығы бар, танымап журналист, белгілі әнші-күйшісі бар, ауданымызға топ ете қалды. Сол санаулы сағатта жазылым мәселесі де, оқырманға кездесу де, «Өрмәт!» жас тілшілер байқауы да зу етіп өте шықты. Шашауы шықпаған, қиын келіскен керемет шара етті. Осы шараның басы-қасында Нұрсұлтан Ертұғанұлы жүрді. Минут-секундына дейін санаулы. Тіпті аудандағы мәдениет үйінің қызметкерлерін де зыр жүгіртіп қойыпты. Бүгін көріп тұрса да, бәрін бір үйдің баласындай етіп ұйымдастыра қойған. Сол сапарында тілші боп енді қатарға қосылғанына екі апта болған маған: «Жұмысқа, газетке редактор боласың» деп қояды. Сырттаннан кесіп, келісімді алмастан «боласың» деп бұйырғып тұрғаны ұнамай қалды. Бұрылып мен қалдым. «айттым, бітті» деп ол кетті.

Содан бір күні қоңырау шалып: «Сіз туралы үш адам пікір айтса, екеуі «мнезі бар, қисық», «пәле ғой» деді. Мінез болуы керек. Неге келісіп тұрғаныңды түсінбей тұрмын. Қызыққа келгенге өзіндік көрсете алмаған екенсің. Тап қазір бұл сізге беріліп отырған мүмкіндік, ләйлаңдап жанып, бір көрініпті кезіңіз ғой. Осы бықсырумен жүре берем десеңіз, өзінсіз біліңіз» деп тұтқаны қоя салды. Айтқаны ой салды. Намысымды отып, жігерімді жаныды.

Содан қайта кездестік. Алдыңдағы экранда мақала емес. 10 бағдарламасы. Кейін есеп-қисапты да, мемлекеттік сатып алу, салық заңнамасын көрсетті. Менімен сөйлесіп отырғандар тек отырматты. Аузы сөйлеп отыр, қолы «Приуриаль» газетінің мәкіетін түзеп, күзеп, екі тақырыпты ортасынан бір сызып, өзіннің нұсқасын да жазып үлгерді. Жас та болса, үлкен ұжымға бас болып отырған Рауан Сәбитовтің, Нұрсұлтан Мықтыбаевтың сөз саптаулары, газетке қойтын талаптарына қарап: «Е, е, мыналардың көшіне ілесу қиын екен. Бес жыл емес, бір гасыр арта қалыпның ғой» деп қорқа-соқпағанын рас.

Қош, сонымен мен де сол көшке ілестім. Батыс көрген бұл екеудің жаңашылдығы, талап қойыстығы, тиянақтылығы аудан редакторларына серпіліс берді, газеттерімізді беімәрал тірлігіне де серпіл берді. Редакторлардың басын қосып, клуб жұмысын қалдыра. Аттаты әл-ауыздан жүрген медиа-тренер, блогерлермен, қазақ журналистикасының корифейі Қайнар Олжаимен де кездесіп, рухани азық алып, шеберлігімізді шыңдадық. Редакторлар клубының әр отырысы күтпеген тосынсызға толы болатын. Осы кіі шаралардың басы-қасында Нұрсұлтан Мықтыбаев жүрді.

Бір күніміз Мықтыбаевтан келген шұғыл тапсырмалармен басталатын еді. Ол хатта берілген тапсырманың қалай орындалу керектігі еңкей-тегілей көрсетіліп, орындалу уақыты сағат, минутына дейін көрсетіліп, астында «Н.Е.» деп басталып жарты бетті алып тұратын Нұркеннің қолы тұратын. Тапсырма тиісті деңгейде орындалмады бітті, табаға майысқа қуырғандым дей бер. Ертұғанұлының осындай тапсырмаларының арқасында түрлі тақырыптарда шарамен «айналасы жұп-жұмыр», ірілік, үлкендік етіп, көп түйіннің тіні жайымнан таратылып, сәтімнен жүзеге асып жататын.

Пәлен жылдан бері бірге келе жатқан бір адамдар бар. Күйбең тірлікпен жүріп ол адамның көшіп кеткені де байқамай қаласын. Бір сәт қана кездесіп, жүргенін жылы орын алатын жандар болады. Нұрсұлтан Мықтыбаев та Жайықтағы өріпестерінің жүргенін орын алатын адам деп ойлаймын. Тіпешкілері ғана емес, көре алмайтындырдың өзі бір шаруа кері кетіп жатса. «Қа, Ертұғанұлы болғанды ғой» деп сан соққанын көріп те жүрміз. Мықтыбаевтың мық шеге екенін мойындайды.

Басталында өктем, тегеуірінді, жақын араласқанда қайыр-қом, ізетті танылған Ертұғанұлы осындай жан! Ой жанындап, жабыл жүретін, өзгелерге сол жалынған шоқ атқалар, жан-жағын отып жүретін көбіашылық қасиеті мықты Мықтыбаевтың. Осы қасиетінің арқасында қай жерде жүрсе де орны төрден болары анық.

Күні кеше «Үркер» сайлығын иеленді. Атынан ат үркітпін мықтылармен бірге аты аталды. Құнықтығында. Бағындырған билігін бағындырған көп болсын деймін!

Ұлан ӘНУАРҚЫЗЫ,  
Бөкей ордасы аудандық  
«Орда жұлдызы» газетінің редакторы,  
Батыс Қазақстан облысы



Мыңжылқы БЕРДІҚОЖАЕВ, нейрохирургия маманы:

## ВИРУСТЫҚ МУТАЦИЯ БІЗ ОЙЛАМАҒАН БАҒЫТТА ЖҮРУІ МҮМКІН

Гүлдана ЖҰМАДИН

– Бүгінде коронавирус инфекциясының барлық ағзаға әсер ететіні анықталуда. Соңғы уақытта вирус екі есемен қатар жүрекке де түседі деген ақпарат тарауда. Бұл қаншалықты рас?

– Иә, коронавирус инфекциясының барлық ағзаға қан тамырлары арқылы әсер ететіні белгілі болып отыр. Қан тамырларының қабырғасында ангиотензин 2, S2 рецепторлары бар. Вирус ағзаға түскен соң сол рецепторларға байланысып, ағзада тромбоз түзе бастайды. Кішкентай бұлдырлардағы қан қалыңдауы, яғни қан тамырларының қабынуы сол ұсақ тромбоздың түзілуіне пайда болады. Еңкейдегі «матовое стекло» клиникалық белгісі де өкпе артерияларымен байланысты екені анықталды. Сондай-ақ вирус мида нитроздаушы энцефалиттің пайда болуына, яғни мидың қабынуына, жүректі зақымдап, аритмияға әкелуі мүмкін. Сол сияқты ұйы бесін, бауырды, ішекте де зақымдайды. Бұл белгілерді қорғаныс жүйесі орташа ауыр, ауыр түрде кездесетін симптомдар деп қарастыруға болады.

– Жұдыра Батыс Қазақстан облысында коронавирус инфекциясын қайталап жұқтыру дерегі тіркелді. Науқас вирусты екінші рет жұқтырған жағдайда белгілері қандай болады және бұл ағзаға қаншалықты қауіпті?

– Вирус ағзаға түскеннен кейін инкубациялық кезеңде көбінесе бастайды. Содан кейінгі клиникалық белгілері анықталған кезеңде науқастың температурасы көтеріліп, жөтел күшейеді. Ал дене жызуы төмендеген уақытта ағзадағы вирус жойылады деген деректер бар. Бұл процесс шамамен бір апта немесе он күнге созылады. Осы уақыт аралығында науқас вирус таратпайды деген де мәлімет бар. Егер науқас ауыр халде



Коронавирус инфекциясының күн өткен сайын жаңа белгілері пайда болады. Әзірге вакцинасы жоқ вируста белгісіздік көп. Соңғы уақытта ковидті қайталап жұқтыру дерегі де тіркелуде. Осы жағдайды ескере отырып, бүгінгі қоғамдағы басты тақырып тұрарында нейрохирургия маманы Мыңжылқы Бердіқожаевпен тілдестік.

болса, яғни өкпесі вирустан толық жазылмайынша жанындағы адамдарға вирус таралуы мүмкін немесе қайтыс болып кеткен адамның денесіндегі вирус бірнеше күн сақталып, айналасына жұюы ықтимал.

Ковидті екінші рет жұқтырған адамдар – көп жағдайда қорғаныс жүйесінің түрлімен ауырып шыққан науқастар. Алғашында вирустық инфекция жеңіл өтсе, онда науқастың екінші рет жұқтырып алу қаупі бар. Ал ковидтің ауыр түрімен

ауырған кісілердің денесінде антиденелер сақталған болса, ол екінші рет ауырмайды. Оны өріпестеріміз Ресей мемлекетінде жүргізілген зерттеу барысында анықтаған, бірақ иммунологиялық деректер бойынша сәттен бастап адам қайтадан коронавирус инфекциясын жұқтырып алуы мүмкін. Мұндай сәтте ауру белгілері орташа немесе ауыр түрде өтуі ықтимал. Өйткені адам өзіне сенімділікпен қарап, «мен қорғаныстан емделіп шықтым, енді қайта ауырмаймын» деген

салғырттықпен вирусты қайта жұқтырып алуы мүмкін.

– Мамандар коронавирус инфекциясының мутацияға ұшырағанын айтады. Вирустың өзгеруі неңің әсерінен болуы мүмкін?

Дерігер ретінде бұл вирустың өзгеріске ұшырауы шеті қандай болады деп ойлайсыз? Болашақта бұл инфекция мүлде жойылып кетеді деп айта аламыз ба?

– Өрбір вирустық инфекция мутацияға ұшырап отырады. Оның ішінде мутация біз ойламаған бағытта жүруі мүмкін. Бірақ көп жағдайда вирус мутациядан өткен соң әлсірей бастайды және таралуы төмендейді. Соңғы кездіңкі тұмау, жедел респираторлық вирустық инфекция сияқты қатты қауіпті емес ауру түріне ауысуы ықтимал. Алайда медицинада бұдан өзге де мутациялық өзгерістер кездесіп жатады. Вирустың құрамына басқа да инфекция қосылып, қауіпті формаға ауысуы да мүмкін. Мұның барлығын уақыт көрсетеді.

– Қазіргі таңда вирустың жаңа симптомдары пайда болғаны айтылуда.

Айталық кейбір науқастарда вирустың әсерінен тері аурулары немесе бүйрек ауруы асыққан. Жалпы коронавирус инфекциясының жаңа белгілері жайында не айтар едіңіз?

– Вирус симптомдарын жоғарыда атап өттім. Ол миды, бүйректі, бауырды, теріні зақымдауы мүмкін. Қазір ковидпен ауырып шыққан адамның бірден жазылып кетпейтіні белгілі болды. Өйткені оның ағзасында қалдық симптомдар қалуы мүмкін. Соның әсерінен науқастың шашы түсіп, теріде, ішкі ағзаларда ұзақ уақытта дейін өзгеріс болуы ықтимал. Қазір өкпесінде фиброз басталып, дем жетпей қалатын науқастар да кездесуде. Сондықтан бұл вирустың әрі қарай қандай қоршама симптомдармен ерекшелігіті әлі де зерттеуді қажет ететіміз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

2021 жылы 20 наурызда Мәжіліс депутаттарының өкілеттігі аяқталады. Осыған орай ел билігі Мәжіліс және мәслихат депутаттарын сайлауды 10 қантарда өткізуді жоспарлады. Биылғы саяси науқанда біршама өзгеріс болғалы тұр. Мәселен, Үкімет екі сайлауды бірге өткізу арқылы 10 миллиард теңге үнемдейді. Үнемдегеннің өзінде қос сайлауға кететін шығын көлемі 10,8 миллиард теңгегі құрайды. Оның ішінде 28 млн 988 мың теңге сайлау жөшілін жосауға жұмсалыды. Тағы бір айтатын өзгешелік, жергілікті мәслихат депутаттарын да партиялық тізіммен сайлап, Мәжілістің бір бөлігін жөсірмен емделер құруы тиіс деп бекітілген. Ал бұл заңдамық біздің өңірде қаншалықты орындалғанына тоқталсақ.

Айгүл ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

## ҚОЛ АЛЫСПАЙТЫН САЙЛАУ

Бүгінде облыстық мәслихатқа праймеризге қатысушылар арасынан рейтингісі жоғары 53 кандидаттан тұратын партиялық тізім дайындалды. Ондағы әйелдердің үлесі – 3-есе артса, 35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 15 пайызға жетіп, үміткерлердің орташа жасы – 8 жасқа төмендеген. Ал қызметтегі депутаттардың 12-сі ғана жаңа тізімге енгізілген. Бұл жаңа сайлау науқанында енгізілген өзгерістер десе болады. Елде алғаш рет өткізілген праймеризде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Баламыс Косбаевқа, ОЛК «Байқұныр» АҚ-ның тәуелсіз директоры Ғалым Әміреев, «ҚазТолға» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры Аида Әбдібуллаева көп дауыс жинап, үздік үштікке тұрақтады. Сайлау заңдылығына сай бұл үміткерлер депутаттық мандатты оңай еншілей алады. Бұдан бөлек, депутаттық мандатқа кімдер үміткер болады?

Ережеге сәйкес, мәжіліс депутаттарына соңғы 10 жыл бойы ел аумағында тұрып жатқан, 25 жасқа толған және сайлау құқығына ие ҚР азаматы кандидат бола алады. Олардың тізімін саяси партия өзі ұсынады.

Жоспарға сәйкес Парламент Мәжілісіне кандидаттарды ұсыну кезеңі ағымдағы жылғы 10 қарашадан 30 қарашаға дейін жүргізіледі. Мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну 10 қарашадан басталып, 4 желтоқсанда аяқталады. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісінің депутаттары сайлаудың қорытындысын сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімінен, яғни 2021 жылғы 17 қарашадан бастап, ҚР Орталық сайлау комиссиясы анықтайды. Ал мәслихат депутаттарын сайлау қорытындысын сайлау өткізілген күннен бастап бес күннен кешіктірмей, яғни 2021 жылғы 15 қантардан аумақтық сайлау комиссиялары анықтайды, – деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев.

Биылғы сайлаудың тағы бір ерекшелігі, депутаттық мандатқа үміткерлер тізімін партия енгізеді. Саяси науқанда білілет министрлігінде 6 саяси партия тір-

келген. Бірлескен сайлауда облыс, қалапар мен аудандарда дауыс беретін азаматтар үш бюллетень беріледі. Бірі – Мәжіліс, екіншісі – облыстық мәслихат, үшінші бюллетень қалалық немесе аудандық мәслихат депутаттың таңдауға арналған. Осылайша үш бюллетень бөлек саналып, нәтижесі де бөлек шығарылады.



Қызылорда облысы бойынша, облыс, қала және аудан мәслихатына сайланатын депутаттар саны – 152. Атап айтсақ, облыстық мәслихат депутаттарының – 33 мандат, Қызылорда қаласы – 22 мандат, Арал, Қазталы, Шиели, Жанакорған аудандарында – 15 мандат, Қармақшы ауданында – 13, Жалағаш, Сырдария аудандарында – 12 мандат шегі айқындалды. Партиялық тізім бойынша мәслихат депутаттарына сайлау алғаш рет өткізіліп отырған соң, сайлау жарнасын барлық партия өзі енгізеді. Саяси партия өз қаржысын жергілікті атқарушы органдардың шотына партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін заңда белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген

мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді, яғни 212 500 теңге. Бұрын сайлауға қатысушы әрбір үміткер бұл жарнаын өз қалтасынан төлесе, енді жарнаын партия төлейді.

– Биылғы сайлаудың басты ерекшелігі ретінде бұрын облысымыздан 147 депутат сайланатын болса, биыл 152-ге артты. Сонымен қатар сайлауда әйелдер мен жастарға 30 пайыз басымдық беріледі. Бұрынғыда депутаттар арасында дабат өткізілмейді, Басөкпелестік партия арасында болған. Шетелдегі азаматтар үшін 56 мемлекетте сайлау уәкесі ашылады, – деді облыстық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Қожамжар Наурызбаев.

Облыс бойынша 385 сайлау комиссиясы 2817 мүше жұмыс істейді. 9 аумақтық сайлау комиссиясы, 376 уәкешелік сайлау комиссиясы жұмыс атарады. Облыстық бюджеттен комиссия мүшелерін электраралды оқытуды 32 млн теңге қаржы қаралып, 1176 комиссия мүшесін оқыту қараша айының 10-ы мен 20-сы аралығында қаскады әдіспен өткізіледі.

Елімізде індет жұқтырушылар саны күн санап өсіп жатқанына да өскерген жан. Себебі бұл көрсеткіш қантар-ақпан айында да өршілді. Осы орайда сайлауға қатысушылар қатан талап сақтау қажет. Орталық сайлау комиссиясы сайлау процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Денсаулық сақтау министрлігінің «ҚР Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарына кандидаттарды ұсыну және тіркеу кезеңінде COVID-19 инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында «нымдар» әзірледі. Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер Ержан Қиосовтың айтуынша, сайлау процесінің депутаттық кандидаттарды ұсыну және тіркеу кезеңінде маска тағып, бір реттік қолғап киіп, жән. Сонымен қатар қолды антисептикалық мақсатында алаңдастықтай қол қолданып, адамдар арасында араңашылық сақтау да маңызды. Мұнан бөлек, қол алыспн амандасуға, тікелей қарым-қатынасқа шектеу қойылады.

## ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҚ ЖЕҢІМПАЗЫНА КҮРМЕТ КӨРСЕТТІ

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Серік Ахмет Қазақстанның баспасөз, радио және интернет-журналистика саласындағы «Үркер» Ұлттық сыйлығы байқауында «Жылдың үздік репортажы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған сырбайлық Нұрсұлтан Мықтыбайды қабилдап, айтулы жеңісімен құттықтады. Кездесуде облыс әкімінің орынбасары Нұрсұлтаннның жеңісі – Сыр бойы журналистикасы үшін ғана емес, тұтас облыс үшін үлкен жетістік екенін ерекше атап өтті.

– «Үркер» Ұлттық сыйлығының жеңімпазы атануыңыз – Қасиетті Сыр елінің даңқын асырып, абыройын асқақтатқан мерейлі сәт болды. Бұл – Сыр журналистикасының тарихында бұрын-соңды болмаған жеңіс! Оның үстіне, Ұлттық сыйлық – аймақтар арасынан алғашқы болып Қызылорда облысына бұйырып отыр. Әлемді өмірге салған пандемия кезінде күн-түні ерекше еңбек еттіңіз. Облыс тұрғындарына шынайы ақпарат ұсыну жолында тер төктіңіз. Сол еңбегіңіз ақталып, бүгін биіктен көрініп отырсыз. Сізге алдағы күндері де шығармашылық табыс, мықты денсаулық, жеңістер тілеймін. Сыр журналистикасының даңқын асыра беріңіз, – деді Серік Әбжанұлы.

Жалпы, ақпарат саласындағы Ұлттық сыйлық биыл төртінші рет табысталып отыр. Айта кетерлігі, 2020 жылдың 2 қазаны мен 5 қарашасы аралығында ұйымдастырылған «Үркер» ұлттық сыйлығының 11 номинациясына үміткерлерден 470 өтінім келіп түсті. Ұлттық байғын ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен «Медиа даму қоры» корпоративтік қоры ұйымдастырды. Ұлттық сыйлықтың үздіктерін мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, еліміздің танымал журналистері және Ұлыбритания, Израильден арнайы келген сарапшылардан құралған қазылар алқасы анықтады.

Қызылорданың абыройын асқақтатқан Нұрсұлтан Мықтыбайға «Үркер» естелік мүшесі мен оның арнайы куәлігі және бір миллион теңге ақшалай сыйлық табыс етілді.

Қабилдау соңында Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Серік Ахмет Нұрсұлтан Мықтыбайға ескерткіш сыйлық табыстап, құрмет көрсетті.

Өз кезегінде Нұрсұлтан Ертұғанұлы Ұлттық байқауда өзіне қолдау көрсетіп, тілекші болған облыс басшылығы мен әріптестеріне алғыс айтты.



## ЖАҢА КӘСІПТІК МАМАНДЫҚТАР

Қызылорда облысында жұмысшы мамандарды даярлау үшін жыл сайын жаңа кәсіптік мамандықтар ашылууда. Еңбек нарығын зерттеу арқылы ең қажетті деген жұмысшы кәсіп иелерін оқыту үшін колледждерге мемлекеттік лицензия беріледі. Мәселен, соңғы 3 жылда 28 жаңа мамандығына мемлекеттік тапсырыс берілген.

Был аймақтағы колледждерде 7 жаңа кәсіптік мамандық ашылған. Атап айтқанда «Логистика», «Автомобиль кәсіпін техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Маркетинг», «Төтенше жағдайда қорғау», «Дизайн», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту», «Көркем еңбек пәнінің мұғалімі» мамандығына сұраныс артаған.

Білім басқармасы басшысы Ақира Қасымованың айтуынша, алдағы жылы «Ет және ет өнімдерін өңдеу», «Сүт және сүт өнімдерін өңдеу», «Жылжымай шаруашылығын ұйымдастыру», «Элеватор, ұн тарту, жарма және құрама жем өндірісі», «Робототехника және кірістірілетін жүйелер», «Сен, интернет дизайны және өнеркәсіптік дизайн» сынды жаңа мамандықтар ашылады.

Айта кетейік, Сыр елінде 30 колледж бар. Оның 17-і мемлекеттік, 13-і жеке колледж. Бүгінгі күні барлық колледжде 19685 студент білім алууда.



## КОМПЬЮТЕРДІҢ ТІЛІН ТАБУ ДА – ӨНЕР

“Монитор түрлерін ата. Вирусты немен емдейміз? Ең алғаш пайда болған есептеу құралы қандай?” Бұл – кәсіби бағдар беру, соның ішінде болашақ информатиктерді ынталандыру мақсатында өткен байқауда қатысушыларға қойылған сұрақтар.

Орталықтағы ІТ паркен біразе өткізілген сайысқа қала мектептерінің 9-11 сынып оқушылары қатысты. Бірінші кезеңде олар теорияда қаншалықты мықты екендігін арнайы тест арқылы байқатса, екінші кезеңде компьютерді шашып, қайта жинақтады. Бұл байқау өзге жастардан осыншыммен өзгеше болды. Сайыста технологиялық жаңалықтарды жаттықтырмайтын бір топ жас марапатталды. Олар үшін бұл – мотивация, жетістік, таңдап отырған мамандығының мінберіне шығуға жасалған алғашқы қадам. Мұндай бәсекелер оқушыларды жан-жақты дамытады.

ІТ паркен бірлесе өткізілген практика теориядан Ердар Бақытжан (№3 ІТ лицей), ал практика жүзінде Данила Кварцов (№5 орта мектеп) мықты екенін көрсетті.

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫС

Қалалық жастар ресурстық орталығында Қызылорда облысының прокуратурасы мен «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Жастар терроризмге жол бермейді» тақырыбында интеллектуалды сайыс өтті.



Шара «Жастар – деструктивті ағымдарға қарсы» әлеуметтік жобасы аясында жүзеге асырылды. Үш кезеңде өткізілген сайысқа Қорық ата атындағы Қызылорда университетінен бес топ қатысты. Облыс прокуратурасын орынбасары Н.Ерманов сайыс барысында қатысушыларға сәттілік тілеп, терроризмнің алдын алуға шақырды.

Жеңімпаздар ұйымдастырушылар тарапынан сыйлықпен марапатталды.

## ӨКПЕНІҢ СОЗЫЛМАЛЫ ОБСТРУКТИВТІ АУРУЫНА ҚАРСЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КҮРЕС КҮНІ

Өкпенің созылмалы обструктивті ауруы (ӨСО) – бүл өкпедегі ауа ағынының бұзылуы. Өмірге қауіп төндіретін бұл ауру толық емделмейді. «Созылмалы бронхит» және «өкпе эмфиземасы» деген ең танымал терминдер ӨСО диагнозына кіреді.

Аурудың негізгі белгілері – темекі шегу, темекі түтіні, ауаның пастануы, химиялық заттардың булануы.

ӨСО-ның ең көп кездесетін белгілері – еңгіту, патологиялық қарық және созылмалы жөтел. Аурудың біртіндеп дамуы кезінде күнделікті физикалық белсенділік айтарлықтай қиы болуы мүмкін, мысалы, баспалдақтың бірнеше сатысына көтерілу.

ӨСО алдын-алу – темекі шегуден бас тарту, физикалық белсенділік, таза ауада үнемі сөрендеу. Сондай-ақ емдеу аурудың белгілері жоққа және өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі. Мысалы, өкпедегі негізгі тыныс алу жолдарын кеңейтетін дәрі-дәрмектер енгізуді басады.

«Төменгі тыныс алу жолдарының созылмалы аурулары динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулардың тізіміне енгізілген. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің № 666 бұйрығына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде біқатар дәрі-дәрмектер аршу және ремиссия кезінде ӨСО науқастарына тегін беріледі. Индактерол (ингалицияға арналған ұнтақ), Фенотерол гидробромид + Ипратропия гидробромид (ингалицияға арналған ерітінді, ингалицияға арналған аэрозоль), Ропилумилат таблеткалары және басқа да дәрілік препараттар деп бағарлады. Өлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Жыл басынан бері Өлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы «созылмалы бронхит», «өкпе эмфиземасы» және «созылмалы обструктивті өкпе аурулары» диагнозымен 2273 науқастың емделуіне 129,7 млн теңге бөлді.

«ӨМСҚ» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтіншілерді қарау жөніндегі бөлімі

## САУ БОЛ!

Облыстық жастар денсаулығы орталығы және «Ай-Қанат» жастар қоғамдық бірлестігі бірлесуімен «Репродуктивті денсаулықты қорғау» мақсатында тұрғындар арасында «Сау бол!» ұранымен акция ұйымдастырылды.



Акция барысында мамандар тұрғындар мен саудагерлерге жеке барып репродуктивті денсаулықты күтудің, жастар арасында ерте жаста болатын жүктіліктің салдарын, жыныстық қатынас арқылы жұғатын аурулардың денсаулыққа қандай зиянды әсері бар екенін түсіндіріп, дене қызуы мен қан қысымын өлшеді. Сонымен қатар қандағы холестерин мен қант мөлшерін анықтап, қан қысымы, қандағы қант пен холестерин жоғары тұрғындарды өзі тіркелген емхана дәрігерлеріне баруға кеңес берді.

Саламатты өмір салтын таңдау уақыты, жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығы, ерлер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығы, үй ішінде амандығы-дырсы отбасын жоосарлау тақырыптарында ақпараттық танымдық материалдар таратылды. Облыс бойынша акцияға барлығы 515 тұрғын қамтылып, 2575 дана ақпараттық танымдық материал таратылды.

## «ЖАЛЫН» ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫ БЕРІЛЕДІ

Жалағаш ауданы әкімінің «Жалын» жастар сыйлығы қазақстандық патриотизмді арттыруға елеулі үлес қосқан аудандағы жас дарынды белсенділерді қолдау негізінде өткізіледі. Сонымен қатар сыйлық талғамды жастарды ынталандыру және олардың айрықша сіңірген еңбегін танытуды көздейді. Сондай-ақ аудан жастарының бірлігін нығайту, жастар арасындағы қоғамдық келісімді қамтамасыз ету, жастарды жан-жақты дамыту, жастар ортасында мемлекеттік тіл мен мәдениетті, өнер мен дәстүрді, тарихи мұраны насихаттау, ауданның жас патриоты бейнесі көпшілікке таныстыру деген мақсат-мүддесі бар.

Байқауға үміткер ретінде 29 жасқа дейінгі жоғары кәсіби жетістіктері бар Жалағаш ауданының жастары қатысады. Жеңімпаздар «Білім және ғылым», «Журналистика», «Ерлікпен», «Спорт», «Медицина», «Кәсіпкерлік», «Мемлекеттік қызмет», «Үздік оқушы», «Мәдениет», «Қоғамдық қызмет» номинациялары арқылы марапатталады.

Қосымша ақпаратты Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №11 үйде орналасқан «Жалағаш ауданы жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Байланыс телефондары: 8/724 31/32-446, 8/747 740 60 41, 8/702 961 29 31.

## БРИФИНГ



## ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Бүгінде еліміздің бірнеше облысы қауіпті – «қызыл» және қауіптілікке жақын ескерту – «сары» аймаққа еніп отыр. Бұл соңғы кезде еліміздегі эпидемиологиялық біршама күрделеніп бастағанын білдіреді. Осы мақсатта өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов облыстағы эпидемиологиялық ахуал және болжамды екінші толқында дайындық жұмысы туралы баяндады.

– Өңірімізде пневмонияның өсуі көрсеткіші байқалды. Қала тұрғындарының кейбірі үйде емделіп, ауруын асырып отыр, жан-сақтау бөліміне түседі. Бұл қатты алаңдатады. Күннің суытуына байланысты түмау белгілері де артауда. Сондықтан әр азаматтың аурудың белгілері білгенде үйде ем қабылдамай, бірден емханаға, дәрігерге хабарласуын сұраймыз. Мемлекет басшысының ідеттің жаппай таралуының алдын алуға қатысты тапсырмаларына байланысты облыс әкімінің бақылауымен арнайы іс-шаралар қабылданып, жұмыс жүргізілуде, – деді облыс әкімінің орынбасары Н.Байқадамов.

Жыл басында ташылып барылған өкпені жөлдету аппараты бүгінде 244-ға жеткен. Тыныс алу жолдары ауруларының көбеюі кезінде оттегінің жылдам жеткізудің өте маңызды екені белгілі. Алдағы уақытта «Петроқазстан» компаниясының демеушілігімен Қазалы ауданында оттегі станциясы салынады. Осы станциядан Арал және Қармақшы аудандарын, Байқоныр қаласын оттегімен қамтамасыз ете алады. Екінші оттегі станциясы «Қазғермұнай» компаниясының демеушілігімен көпбейінді облыстық ауруханаға баазасынан бой көтереді. Бұл қала аумағындағы ауруханаларды және Сырдария, Жалағаш аудандарын қамтамасыз етеді.

Қысыптан уақыт тақап, әр минут маңызды болатын уақытта жедел жәрдем қызметінің жылдам жетілуіне автоөлкілердің техникалық жағдайы әсер ететіні сөзсіз. Облыста 79 жедел жәрдем бригадасы жұмыс істейтін болса, оның жартысынан астамының тозағы жеткен. Облыс әкімінің қолдауымен өткен аптада лизинг арқылы 40 санитарлық автокөлік облысқа жеткізіліп, облыс көлеміне таратылды. Сонымен қатар «Аралтұз» АҚ демеушілігімен екі арнайы автокөлік сыйға тартылды. Алдағы уақытта да ықтимал болмай бойынша мобильдік бригадалар толығымен қайта жұмылдырып, тұрғындарға медициналық көмек, оның ішінде дәрілік заттарды жеткізу, медициналық манипуляция, үй жағдайындағы стационар жағдайына толық қызмет атқарады.



## 2 КҮНДЕ 43 ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ

Облысымызда соңғы 2 күнде 43 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Бұл туралы Қызылорда облысы Полиция департаменті басшылығының бірінші орынбасары Шамшидин Өмітов мәлімдеді.

Аталған жол-көлік оқиғасы салдарынан 3 адам қаза тауып, 10 адам түрлі дене жарақатын алған. Сонымен қатар 39 жол-көлік оқиғасында азаматқа материалдық шығын келтірілген.

– Автомобиль жолдарының тайғақ үнәселері «ҚазАвтоЖол» мекемесінің қызметкерлерімен бірге тез арада тексеріліп, көлік құралдары қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданады. Республикалық маңызы бар жолдардың қауіпті аймақтарын патрульдік полиция бекеттері қойылды. Жолдарға арнайы заттар себетін 9 мамандандырылған автокөлік жұмылдырылды. Сондай-ақ жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жүргізушілерге көлік деңгелектерін қысқы шиналарға ауыстыру қажеттілігі, ауыстырылмаған жағдайда мүмкін құқық бұзушылық үшін Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 590-бабының 5-бөлігімен әкімшілік жауапкершілік қарастырылғаны туралы ескертілді, – дейді Шамшидин Өмітов.

Соңғы 10 айда облыста 345 жол-көлік оқиғасында 68 адам қайтыс болса, 401-і дене жарақатын алған. Жол-көлік оқиғаларының басты себепінің бірі – жолда жүру ережелерін әрқалы бұзу. Көлікті мас күйде басқарған 902 жүргізуші анықталып, 785-і көлік құралын басқару құқығынан айырылса, барлығы әкімшілік қамқау алынған. Көлік құралын басқару құқығынан айырылып қайта басқарған 325 жүргізуші анықталып, тиісті әкімшілік шаралар қолданылды. Сондай-ақ, жауа жүргізушілердің белгіленбеген жерден өту салдарынан 12 азамат дене жарақатын алған. Ауа-райының суытуына байланысты және «Жол қозғалысы ерекше» сәйкес жүргізушілер көлік деңгелектерін 1 желтоқсанға дейін қысқы шинаға ауыстыруға міндетті.

Айгүл ӨЛШЕРОВА



## ТУҒАН ӨЛКЕМ – ЖҰМАҚ МЕКЕН

Жаңақорған ауданы ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ қолдауымен, аудандық мәдениет үйі мен «Ауыл азаматтық қоғамы» ақпараттық-ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Туған өлкем – жұмақ мекен» аудандық үздік бейнероликтер байғесінің жеңімпаздары марапатталды.

Барлығы 12 бейнероликтің арасынан үшеуі үздік деп танылды. Бағалау барысында түсірілген бейнероликтердің сапасына, тақырыпты аша алуына байланысты қойылған критерийлерді қамтыды. Нәтижесінде I орын (50 000 тт) «Ақпалтөгірмелет» ұжымына тиіспі болды. II орын (30 000 тт) Аудандық бағалармен мәдени-тарбиелік жұмыстар орталығы робототехника үйірмесінің оқушысы Өлібі Мұсаханов, III орын (20 000 тт) – Жайдарман жоғарғы лига ойындарының финалисі «Жаңақорған құрамасы» командасының мүшесі Асхат Құлтас марапатталды.



Айналаны ақпарат қоршаған қоғамда бәрін үздіксіз қабылдай беретін көзге де жүктеме көбейді. Әсіресе онлайн оқу басталғалы бері оқушылардың бар уақыты компьютер мен мобильді құрылғының алдында өтіп жатыр. Жыл өткен сайын жанар өткірлігі кемитінін ескерсек, нұрдың ұясы саналатын көзді сыртқы факторлар әсерінен қалай қорғаған дұрыс? Осы сұрақ төңірегіндегі маңызды тақырыпты сада мамандарымен бірге талқыладық.

## КӨЗ НЕГЕ «КӨРМЕЙДІ»?

### МИНУС РЕФРАКЦИЯ 40 ЖАСҚА ДЕЙІН ЕСҮІ МҮМКІН

Әдетте ата-аналар балада көзесетін көз ауруына ұялы телефон мен уақытты себеп етіп, салдарын ұзақ уақытқа дейін түсінбей жүреді. Алайда мамандар көз ауруына мұнан өзге де бірнеше фактор әсер ететінін айтады. Мысалы, тұқым қуалаушылық, түрлі жаракат және соматикалық аурулардың салдарынан болатын көз аурулары, қант диабетінен кейінгі асқынұлар, диабеттік ретинопатия, ангиопатия да баланың көру қабілетін нашарлатады.

— Бас ішілік қысымның жоғарылауынан пайда болатын асқынұ, гипертензионды типтегі ангиопатия, көру жүйесінің ісінуі көз түбіндегі өзгерістерге әкеледі. Бас ауруының көзге қалай әсер ететінін осыдан-ақ байқауға болады. Сонымен қатар зоб төзімді эндокринді аурудың асқынұ, бүйрек аурулары да көзге кері ықпал етеді. Ал коптобома, катаракта, микрофтальм балада туа бітті пайда болады. Шала туған нәрестелерде туа бітті миопия, гиперметропия, аралас астигматизм, глаукома жиі кездеседі.

Көздің алыстан көрмеуі медицинада миопия деп аталады және бұл балалар арасында өте жиі кездеседі. Миопия балаға ата-анасынан тұқым қуалаушылық жолмен беріледі немесе баланың көзі соған байланып туылады. Уақыт өте келе көзге дұрыс күтім жасалмаса миопия дамиды және баланың жасы өскен сайын артып отырады. Мұндай минус рефракция 40 жасқа дейін өсуі мүмкін. Сондай-ақ көздің алыстан көрмеуі баланың иммундық жүйесіне және соматикалық денсаулық жағдайына да тікелей байланысты болады, — дейді облыстық балалар ауруханасының дәрігері Айжан Бәкбергенова.

Маманың айтуынша, бала дүниеге келген сәттен бастап 5-7 жасқа дейін +1.0, +2.0 диоптрии қалыпты болады. Кейін ол рефракция қалыпты сау адамның көз рефракциясына айналады немесе миопияға ұласады. Кейде гиперметропияға ауысуы не болмаса аралас +, — рефракция бірте жүреді де мүмкін екен.

— Өкінішке қарай, ата-аналар баласының көзі көрмейтінін немесе нашар көретінін жиі біліп жатпайды. Бала көзінің нашар көретінін айта алмайды, болмаса бір көзі нашар көрседі де, екінші көзі жақсы көрген соң мән бермей жүре береді. Мұның бәрі баланы балабақшаға немесе мектепке дайындау кезінде медициналық тексеру кезінде анықталады. Оны ата-анасы да сол кезде біліп жатады.

Көздің алыстан немесе жақыннан көрмеуін көздіккіріксіз емдеу мүмкін деп айта алмаймыз. Кейде көзәйнекті киім жүрседі де, баланың жасы өскен сайын көз өлшемі мен рефракциясы ұлғаяуы мүмкін. Мұндай жағдайда көздіккірікті үнемі тағу қажет. Себебі балаларға рефракциялық операция тек 18-20 жастан кейін жасалады. Сол үшін көзге арналған дәрумендерді жиі қолданып, көз күтіміне арналған

жаттығулар жасаған дұрыс. Баланың телефон, планшет сынды техникаларды пайдалану уақытын қадағалап, 40 минут сайын жаттығу жасауды әдетке айналдыру керек, — дейді офтальмолог маман.



Айта кетейік, маманмен тілдесу барысында қала бойынша балалардың көз дәрігері саусақпен санарлық екенін байқадық. Бұл жайында Айжан Жұпарқызынан сұрағанымызда, себебін офтальмолог дәрігер болу өте қиын және жауапкершілігі жоғары мамандық деп түсіндірді.

### ЛАЗЕРЛІК ОПЕРАЦИЯ 21 ЖАСТАН БАСТАП ЖАСАЛАДЫ

Көз қалалық емхананың офтальмолог дәрігері Мәлікә-Маран Исламбекқызының айтуынша, айналадағы ақпараттың 90 пайызы көз арқылы қабылданатын болған соң, көз бұлшықеттеріне көп күш түседі. Ағзадағы басқа бұлшықеттермен салыстырғанда бұл салмақ бірнеше есе көп, сондықтан көз ауруларына осы фактор едәуір әсер етеді. Ұзақ уақыт компьютер алдында жұмыс жасау, телефонға қарау көздің шаршауына себеп болатыны белгілі. Әсіресе ұзақ уақыт компьютер алдында жұмыс атқаратын адамдардың көзді сирек жұмататын анықталды. Бұл жағдай жас қабығының қызметін нашарлатып, қасаң қабықтың құрғауына әкеледі. Осыдан соң көз қызырып, жасауран ауыра бастайды. Көксөздік қызметтер үшін таныс әрі қалыпты осы жағдай бас ауруына да себеп болады екен. Сол үшін көз дәрігері қызмет барысында бөлменің жарық болуына мән беру керегін айтады.

Кейбір адамдарда бас ауруымен бірге көз ауруы қатар жүруі мүмкін. Мұндай жағдайда сабыр сақтап, қорықпаған абзал. Себебі бас терісінің сезімталдығын қамтамасыз ететін үшкіл жүйке жоғары қабатығы жас безін, қасаң қабықты, көздің шырышты қабатын, мұрын, маңдай құсын және мидың кейбір қабығының сезімталдығына жауап береді. Осы үшкіл жүйке жақымдалған кезде мигрень, шүйді жүйкесінің неврологиясы, трохлаит, көз алпасының ауруы пайда

болады. Сондықтан бас ауруы кезінде офтальмологтың пікірімен қоса невропатологтың кеңесіне де жүгінген дұрыс.

Көз үшін қант диабеті, артериялық гипертония ауруы аса қауіпті есептеледі. Негізгі көз келген ауру көзге офтальмологиялық әсер береді. Тіпті суық тиюдің өзі көзге айтарлықтай зиян тигізеді. Тісте ұзақ уақыт қалыптасқан инфекция да көзге кері ықпал етуі мүмкін. Сондықтан стоматологқа да жиі қаралған жөн. Сондай-ақ күйзеліс, жүйкелің жұқаруы барлық ағзаға, соның ішінде көзге де кері әсер етеді. Мұндай сәтте көз алды тұманданып, жиі жыпылықтайды, тез шаршайды, көзге ұсақ дүние түскен тәрізді сезім пайда болады.

Тұқымқуалаушылық факторы да көзге елеулі ықпал етеді. Ата-әжесіндегі немесе ата-анасындағы көз ауруы балаға да берілуі мүмкін. Сондықтан миопия, глаукома, жақыннан көрмеушілік, астигматизм, кератоконус, әртүрлі жүйелік және синдромды аурулардың тұқым қуалау факторын анықтау үшін жылына екі рет дәрігерге қаралу қажет. Әсіресе жұмыс жасаған асқан соң көзішілік қысымды, тор қабатын жиі тексерген дұрыс. Өте жоғары температура, ыпғалды немесе құрғақ булау процесті де көздің қан айналымын өзгертіп, көз тамырларын кеңейтіп, қызартады. Сондықтан ыстық суға тұсу, глюокома, артер иннервациясы бар адамдар үшін өте қауіпті, — дейді М.Исламбекқызы.

Көз жанарын сақтау үшін компьютер экранынан 50-70 см арақашықтықты сақтап, жұмыс арасында көз жаттығуларын жасау қажет екенін көпшілік білгенмен, қаперге алмайтын рас. Соның салдарынан көру қабілеті уақыт өткен сайын нашарлай түседі. Қазір бұл қиындықтан құтылу үшін көзге лазерлік коррекция жасатуда сұраныс артып келеді. Бұл технология елімізде алғаш рет 2005 жылы енгізілген.

— Лазерлік коррекция — алыстан көрмеушілік, астигматизм, жақыннан көрмеушілік кезінде жасалатын жүйелік ем тәрізді. Оны жасау кезінде қасаң қабықтың формасы өзгереді. Қасаң қабық көздің қантамыры жоқ жарық сәулесінің 80 пайызын өткізетін физиологиялық ағза болып табылады. Науқас операция алдында міндетті түрде толық тексеруден өтеді.

Лазерлік операциядан кейін көз толыққанды көру үшін минус рефракцияның еспеуіне сенімді болу керек. Ол үшін үнемі дәрігер қадағалау қажет. Айта кетейін, жасөспірімдерге және аяғы ауыр әйелдерге лазерлік коррекция жасалмайды. Көз өлшемі жиі өзгеретіндіктен, лазерлік операция тек 21 жастан асқан адамдарға қолданылады, — дейді офтальмолог маман.

**Р.С. Атақты психолог Луиза Хей көз ауруының себебін келесідей түсіндіреді: «Егер ересек адамның көзі нашар көрсен, онда санасында бала күннен әлденені көруге деген қорқыныш қалыптасқан. Сондай-ақ психологияда адамның жиі қолданатын сөздері оның ішкі ағзасындағы аурудан хабар беретін көрінеді. Айталық, «көруге қорқынышты, көзге түрткісіз қарағың» деген тіркесті көп қолданатын адамда көз ауру болуы ғажап емес дейді психолог мамандар. Осыдан-ақ көз ауруының себебін жан-жақты қарастырган дұрыс тәрізді...**

Гүлдан НҰРТАЙҚЫЗЫ

MAMAN MINBERI

## ЖАС МАМАНДАР ЖҰМЫСҚА КІРІСТІ

Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығының ұжымы жас мамандармен толықты. Оқуын аяқтаған дәрігерлер енді наркологиялық заттарға тәуелділігі бар және жүйке жүйесі дертімен сырқаттанатын науқастарды емдейді. Ақ халаттыларға жүктеліп отырған жауапкершілік жүгі ауыр. Емдеу мекемесінің тәжірибесі мол мамандары жаңа әріптестеріне қолдау көрсетіп, жұмыстың қыр-сырын үйретуге дайын.



Облыстық психикалық денсаулық орталығына жаңадан жұмысқа қосылған дәрігерлердің бірі — Алтынай Барбабаева. Жас дәрігер — С.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінің түлегі. Бала кезінен медицина саласында еңбек етіп, халыққа сапалы қызмет көрсетуді армандаған маман. Бүгінде Алтынай Қанатқызы орталықтағы №1 бөлмесінде нарколог болып жұмыс істейді. Ішкімдікке

тәуелділігі бар азаматтарды дертін сауықтырып, олардың жаңа өмір бастауына септігін тигізеді.

— Негізіннен ішімдікке тәуелділігі бар азаматтардың дәрігермен емделуі. Бұл ретте ағзаны зиянды заттардан толықтай тазартып алу өте маңызды. Науқас сырқаттанып айығуы үшін алдымен өзінің ниеті болу керек. Бұл ретте психолог мамандардың көмегі орасан зор. Мен 2019 жылдың қыркүйек айында жұмысқа орналастым. Университеттен кейін резидентураны тәмамдадым. Жинаған білімімі тәжірибеде қолданып, білікті дәрігерлердің қатарын толықтыруды мақсат етемін. Медицина саласының қызметкері ретінде өзіме жүктелген жауапкершіліктің салмағын түсінемін, — дейді нарколог — дәрігер.

Орталық ұжымына

жаңадан қосылған мамандардың бірі

— Жазира Әбеннова.

№6 бөлімшенің психотерапевт —

дәрігері медицина саласын үлкен

қызығушылықпен

таңдаған. Жалпы жас

маман білімін толық-

тыруға көп көңіл

белуге тырысады.

Осы мақсатта медициналық

университеттен кейін Санкт-Петербург қаласында

Н.В.Бехтерев атындағы психо-

неврологиялық институттың екі

жылдық клиникалық ординатурасында

білімін шыңдады. Бүгінде үздік

оқытушылардан алған дәрісін практика жүзінде пайдаланып, нәтижелі жұмыс істеуде.

— Дәрігер болу үшін жауапкершілікті сезіну керек. Өйткені науқастың өмірі мен денсаулығына жауап бересің. Медицина — қателікті кешірмейтін сала. Мен күнделікті орталықта ем алушылармен тілдесіп, оларды жылы сезіммен емдеуге тырысамын. Зиянды заттарға тәуелді азаматтарды емдеуде психологиялық қолдаудың маңызы ерекше. Ем алушының жағдайына немқұрайлы қарауға болмайды. Маскүнемді емдеуде болады. Бұл жерде тәздімдік пен шымдамдылық өте қажет. Мен орталық ұжымына алғыс айтқым келеді. Көп жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан дәрігерлер ерекше ықыласпен қарсы алы. Мұнда тәжірибесі мол, өте білімді және біліктілігі жоғары мамандар көп. Алдағы уақытта әріптестерімізден көп нәрсе үйренетінім анық, — дейді Жазира Сәкенқызы.



Психиатр — дәрігер Гүлхан Мырзатаеваның да алға қойған мақсаттары ауқымды. Қазір жас маман облыстық психикалық денсаулық орталығының психиатрия саласының диспансерінде қызмет атқарады. Биыл қызметке орналасқан дәрігер жүйке жүйесі ауруына шалдыққан науқастарға қызмет көрсетеді. Басты мақсаты — денсаулығы сыр берген азаматтардың қоғамға оралуына көмектесу.

Жалпы жүйке жүйесі зақымдалған азаматтарды емдеу оңай жұмыс емес. Университетте қырығасында жинаған біліміміді мақсатты пайдаланатын келеді. Мемлекет бізге жағдай жасап отыр, біз өз кезегімізде үлгімізді ақтап, нәтижелі жұмыс жасауымыз керек. Қызмет барысында науқастардың жағдайына алаңдаймын. Мамандығымды сүйіп таңдаған соң абыройын еңбек еткім келеді. Жас маман ретінде тәжірибе жинақтау өте маңызды, — дейді дәрігер.

Дәрігер мамандығын таңдау екінші бірінші қолынан келе бермейді. Себебі адам өмірінің жауапкершілігін арқаулап, өмірін аман алып қалу — дәрігерлердің міндеті. Бүгінде бұл міндеттің жүгін арқаулап жүрген абзал жандар аз емес.

Облыстық психикалық денсаулық орталығының баспасөз қызметі

## ТАЗАЛЫҚ САҚТАҢЫЗ!



Халқымызда «суырып ем іздегенше, суырмайтын жоа ізде» деген нақыл сөз бар. Сондықтан қатерлі аурудың алдын алып, оның кең өтек алып кетуіне жоа бермеу үшін беріміз жұмыла күресуіміз қажет. Қауіпті вирус қауіпсіздіктің нығайтуы талап етеді. Аталған вирусқа қарсы күрестің басты шарттарының бірі — тазалық сақтау.

Тазалық болған жерде адамның денсаулығы да мықты болады. Сондықтан «Тазалық — саулық негізі, саулық — байлық негізі» деп бекер айтылмаған. Өрбір адам күнделікті әрекетінде осы жағына көбірек мән беру керек. Күнделікті қолды сабынмен жуып, жеке бас гигиенасынан бөлек, үйіңізді, бөлменізді жиі желдетіп, шаңын сүрту өте маңызды.

Сонымен қатар құнарлы тамақ ішіп, ұйқысын қандыру керек. Иммунитетті төмендетпей маңызды. Иммунитет көтеру үшін дұрыс тамақтану мән беру керек. Күнделікті С, В тобындағы витаминдерді, А, Е, D дәрумендерін, көкөніс, жеміс-жидек, ет, сорпа,

ауқызы мол тағамды көп жеген жөн.

Күйзеліске түсіп кетпей, іштей серпілуге тырысу керек. Саламатты өмір салтын қалыптастырып, денге жаттығуларын жасаудың да пайдасы бар. Тыныс алу гимнастикасын үздіксіз жасауға кеңес берер өлім. Отырып-тұру жаттығуын жасау да денсаулығың нығайтуға көмектеседі. Баршаға айтарым, өзіңіздің, отбасыңыздың, барша адамзаттың амандығын ойласаңыз, сақтық шараларын бір сәтке де естен шығармай, аурудың алдын-алыңыз.

Күмісай ЖЕТЕНҚЫЗЫ, №3 қалалық емхананың бөлім меңгерушісі

Әдетте үйдің тұңғышы үйленіп, дүниеге сәби келгенде атасы мен әжесі немерені бауырына салады. Тіпті өздерінің баласы қылып «меншіктел» алатын ата-әжелер жетерлік. Баланың туған ата-анасы да «атасының баласы», «әжесінің баласы» деп ата мен әжеге қарай икемдейді. Қандай халықтың болсын өзіне тән өзгеден ерекшелендіретін салт-дәстүрлері, дағдылары бар. Бауырына салу деген бізбен қатар өмір сүріп жатқан халықтардың ішінде тек қазаққа ғана тән. Өрпие, өзге ұлттар да немересіне қамқорлық көрсетеді, бағады, қарайды. Ал қазақтың ерекшелігі сол, тұңғыш немерені міндетті түрде атасы мен әжесі бауырына салған. Ол сол үйдің көңкөсі болып өседі. Бұл бір жағынан, «он үште отау иесі» болған жас отбасына деген қамқорлық болса керек. Екіншіден, баланы тәрбиелеуде жас ұл мен келіннің тәжірибесінің аздығын білгендіктен де, немерені бауырына салған, яғни бауырына салу – немерені тәрбиелеуге атсалысу.



Ата мен әже – көпті көрген, өмірдің талай бестерінен өткен, жақсылы-жаманды өмір кешкен тәжірибесі мол адамдар. Ата-әже тәрбиелеген баланың, біріншіден, тілі ерте шығады. Себебі үлкен кісілер әрбір сөзді анық айтады, баламен үлкен адамша сөйлеседі. Бала жүре бастағаннан-ақ жанына ертеді. Бала кішкентайынан үлкендердің әңгімесін тыңдап өседі. Үнемі үлкендердің қасында жүретіндіктен, бала

атасы мен әжесінің дос-жарандарын «іпеленше атам», «түгенше әжем» деп солардың барлығын өңдеп-түстеп, кімнің кім екенін біліп, туысқанын танып өседі. Бала әке-шешесін біліп тұрса да «атамның баласымын», «әжемнің баласымын» деп жөн сұрағандарға ата-әжесінің атын айтып жатады. Қонаққа барған балаға әдетте құлақ береді. Бұл да негізсіз емес. «Жасы өзге құлағы түрік болсын», «жақсы сөзді көп естісін», «ұғымтал әрі зерек болсын»

деген ниет жатыр мұның астарында. Содан да бопар, атасына еріп қонаққа барған бала да міндетті түрде құлақ күтіп отыратын болған. Қалай десек те, үлкен кісілердің сөзі орнықты, олар күнделікті күйбең тірліктің айналасындағы өңімені айтпайды. Әздірі бас қосқан кезде өткен-кеткен шөжіреден, тарихтан өңіме қозғайды. Ел ішіндегі әртүрлі түйтілді мәселелер, сол қорамдағы болып жатқан жағдайлар

үлкен кісілер арқылы баланың құлағына енеді. Мен де ата-әжемнің қолында өстім. Әжемнің мейіріміне қандым. Ат жалын тартып мінер жасақ әлдеқашан жетсем де әлі күнге әкеме асығып тұратынмды жасыра алмаймын. Бүгінде отбасы құндылықтарына баса мән беріп жатырмыз ғой. Осы орайда, отбасы құндылығына негіз қалаған ата-әже тәрбиесін ұмытпайық дегім келеді.

БАЙСУАН

## CHILDFREE

Жақында бір кафеде болдым. Болашақ туралы сырласып отырған қыздар бар екен. Сол көздегі қыздардың бірінң айтқан жаңалығы мені қатты толғандырды. Ол болашақта тек іскер әйел болуды, тұрмыс құрса да бала сүйгісі келмейтінін, яғни «чайлдфри» деген бағытты ұстанатынын жеткізді.



Чайлдфри – childfree – ағылшын тілінде «баладан бос» деген мағынаны білдіреді, яғни өзінің жеке басы үшін өз еркімен баладан бас тарту. – Ана бақыты ше? – деді бір қыз шыдай алмай. – Мен бала туып, бала тәрбиелеуге жаралмаған жанмын. – Мүмкін қазір солай шығар, мансабыңды өргілетіп, көп ақша тауып, мақсатыңа жеткенде бәлкім басқаша ойларсың?! – Жоқ, мен бәрін де ойланып-толғанып шештім, – деп нық айтты. Childfree термині осы аттас бағытпен байланысты

өткен ғасырдың 70-жылдары АҚШ-та «адам құқығын қорғау» үшін дүниеге келген. «Мен баласын кез келген қоқыс жәшігіне тастап кетіп жатқан көкең-анандан жақсымын. Баланы қорлап, далаға тастап кеткенше, оның жарық дүниеге келмегенін дұрыс деп санаймын» деп өз уәжін көлденең тартып отыр. Өрпие, әркім өз ұстанымы бойынша өмір сүреді. Шетелде бұл ұстаным түбегейлі орныққанын да естіген боларсыздар.

Раушан ЖОМАРТҚЫЗЫ

## НЕКЕ САҚИНАСЫ

Дәрігерлердің айтуынша, неке жүзігі адамды бірнеше ауру түріне шалдықтырады. Ғылымда бедеу әйелдердің саусақтағы жүзікті шешкен соң бірден бала көтерген кездері кездескен. Кей мемлекетте неке жүзігін оң қолға тақса, басқа елдерде сол қолға тағады. Яғни әр мемлекетте әртүрлі. Бірақ қай мемлекетте болсын, неке жүзігін ерлі-зайыптар шылдыр шүмекке тағады.



5000 жыл бұрын пайда болған алғашқы неке жүзігі алтыннан жасалмаған. Мысырлықтар оны өткен шақ, осы шақ және келер шақтың символына айналған Гіп өзенінің жағасында өсетін қамыстан жасатын болған. Дәлірек айтсақ, диқан, бақташы және лотос гүлін жинаушылар неке жүзігін қамыстан жасап таққан. Шылдыр шүмекке тағу осы мысырлықтардан бастау алған. Бұрынғы заман дәрігерлері адам денесінің құрылысына ерекше мән беріп, шылдыр шүмектегі тамырдың жүрепке жалғасып жатқанын анықтаған. Мұнымен қатар бұл саусақты адам жұмыс барысында көп пайдаланады. Яғни бұл саусақтағы жүзік жұмыс істеуге еш кедергі келтірмейді.

**АНТИКАЛЫҚ «ЖҮЗІК ТІЛІ»**  
«Жүзік тілі» деген ұғым алғаш рет Ежелгі Грекияда пайда болып, өткен ғасырдың басына дейін кеңінен қолданылып келді. Дәлірек айтсақ, ер адамдар қолындағы жүзіктері арқылы өздерінің және өміріне қатысты ақпарат берген.

Мысыр дәстүріне сәйкес, шылдыр шүмекке махаббат құдайы Афродита жебеуші болған. Осы саусаққа тағылған жүзік ер адамның қалыңдығы немесе отбасы барын білдірді.

Балаң үйрекетті жүзік иесінің өзіне болашақ жар, жүрегің жаулайтын адам іздеп жүргенін білдіретін болған. Ортан тереке тағылған жүзік – ер адамның табысты екенінің және өзіне көңілде іздеп жүргенін білдіретін болған. Ал кішкене бөбектегі жүзік ер адамның сүйсінісін жоқ екенін және оны іздейтінін меңзеген.

**ШЫЛДЫР ШҮМЕК – МАХАБАТТЫҢ СИМВОЛЫ**  
Әр саусақ – белгілі бір отбасы мүшесінің немесе рудың символы. Бас бармақ – ата-ана, балаң үйрек – аға-бауыр, әпке-қарындас, ортан

тереке – адамның өзі, шылдыр шүмек – жар, жұбай, кішкене бөбек – балалар.

